

«Астана медицина университеті» КеАҚ

ӘӨЖ: 615.15:614.2:378.6

ХПК: G06Q50/20, G16H40/00

Имашева Фариза Темурболатқызы

**ЖОҒАРЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІ**

7М10104 – «Фармация»

Медицина ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алуға
арналған диссертация

Ғылыми жетекшісі:

фарм.ғ.д., профессор Арыстанов Ж.М.

Рецензент:

PhD, қауымдастырылған профессор Жакипбеков К.С.

Астана 2024 ж

МАЗМУНЫ

<u>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</u>	3
<u>АНЫҚТАМАЛАР</u>	4
<u>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАртуЛАР</u>	5
<u>КЕСТЕЛЕР</u> <u>МЕН</u> <u>СУРЕТТЕР</u>	6
<u>ТІЗІМІ</u>	
<u>КІРІСПЕ</u>	8
<u>1 Тарау</u> <u>ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ</u>	11
<u>1.1</u> <u>Жоғары білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті: түсінігі, анықтамасы, түрлері және сипаттамасы</u>	11
<u>1.2</u> <u>Басқару мәдениетінің білім беру жүйесін басқару процесіндегі маңызы, рөлі және атқарылатын функциялары</u>	18
<u>1.3</u> <u>Фармацевтикалық жоғары білім беру жүйесімен мәдениеттің қалыптасу кезеңдері</u>	24
<u>1.4</u> <u>Шет елдік және отандық жоғары фармацевтикалық білім беру жүйелерінің құрылымы</u>	30
<u>1.5</u> <u>Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті</u>	39
<u>2 Тарау</u> <u>ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ</u>	42
<u>3 Тарау</u> <u>БОЛАШАҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ МАМАННЫҢ БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДА НЕГІЗДЕУ</u>	46
<u>3.1</u> <u>Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениеті негіздерін қалыптастыру және дамыту</u>	46
<u>3.2</u> <u>Болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін негіздеу мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі</u>	49
<u>3.3</u> <u>Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру моделі</u>	56
<u>3.4</u> <u>«Фармация» мамандығы бакалавриатының оқу бағдарламасына «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнін енгізудің әдістемелік негіздемесі</u>	63
<u>ҚОРЫТЫНДЫ</u>	78
<u>ТҮЙІН</u>	80
<u>ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР</u>	82
<u>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</u>	83
<u>ҚОСЫМША А</u>	90
<u>ҚОСЫМША Ә</u>	93

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда мынадай нормативтік-заңнамалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- МЕМСТ 7.32- 2017. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері.

- Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі.

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI ҚРЗ.

- Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.

- «Денсаулық сақтау саласында білім беру бағдарламалары бойынша оқыту құнын қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2021 жылғы 19 қаңтардағы № ҚР ДСМ-6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 171 бұйрығы.

- «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы.

- «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы» 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қабылданады:

Әлеуметтік-психологиялық әдістер еңбек - ұжымында кездесетін жеке қарым-қатынастар байланысына әсер ететін арнайы әдістердің жиынтығы.

Басқару этикасы - бұл жалпы білім беру ұйымының қызметкерлерімен қарым-қатынаста басқарушының жұмыс ережелерінің жиынтығы.

Басқару мәдениеті – бұл ұйымның барлық мүшелері бөлісетін негізгі құндылықтар, сенімдер, жария етілмеген келісімдер мен нормалардың жинағы.

Инновациялық процесс — білім беру процесіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет.

Кадрлар – кәсіпорынның, мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың квалификациялы қызметкерлерінің негізгі құрамы.

Кадр жұмысы - кадр саясатының мақсаты мен принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз етудің нышандары, тәсілдері, бағыттары мен шарттары.

Когнитивті компонент - қарым-қатынастың жалпы заңдылықтарын білу; қарым-қатынас құрылымдары, коммуникативті, интерактивті және перцептивті аспектілерді жүзеге асырудың ерекшеліктері.

Маманның кәсіби басқару мәдениеті – жинақталған басқарушылықта көрініс тапқан ішкі әлеуметтік басқару тәжірибесі.

Муниципалдық қызмет – жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты негізде өз өкілеттіктерін орындау жөніндегі кәсіптік қызмет.

Оқыту – қызметкерлердің өздерінің қазіргі міндеттерін орындауын жақсарту үшін тиісті оқыту қуатымен қамтамасыз ету.

Ұйымдастырушы - әкімшілік әдістері - еңбек тәртібінің қажеттілігін, жауапкершілігі, адамның белгілі бір ұйымда тікелей директивалық нұсқауларға негізделген жағдайларда еңбек ету керек екенін түсінген саналы мотивке бағытталған.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТАУЛАР

UMS – Ғалымдар мен магистрлер университеті

PhD – Философия докторы

АҚШ – Америка құрама штаттары

ӘБП – Әкімшілік басқару персоналы

БАФ – Біліктілікті арттыру факультеті

ББЖ – Білім беру жүйесі

БББ – Білім беру бағдарламасы

БҒСБК – Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

БҒМ – Білім және ғылым министрлігі

БҒДМ – Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

ДСМ – Денсаулық сақтау министрлігі

ЕО – Еуропалық одақ

ЖОО – Жоғарғы оқу орны

КеАҚ – Коммерциялық емес акционерлік қоғам

КБМ – Кәсіби басқару мәдениеті

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

<u>Кесте 1</u>	<u>Әлеуметтік - мәдени ортаның сипаттамалары.....</u>	26
<u>Кесте 2</u>	<u>Зерттеу бағдарламасы.....</u>	42
<u>Кесте 3</u>	<u>Сауалнамаға қатысушылар саны.....</u>	44
<u>Кесте 4</u>	<u>Сұрауға қатысқан Фармация мектебінің оқытушылармен студенттері.....</u>	49
<u>Кесте 5</u>	<u>Сұрауға қатысқан Фармация мектебінің студенттерін курс бойынша бөлу, %.....</u>	49
<u>Кесте 6</u>	<u>Сұрауға қатысқан Фармация мектебінің студенттерін курс бойынша бөлу, %.....</u>	49
<u>Кесте 7</u>	<u>Болшақ фармацевттердің басқару мәдениетін қалыптастырудың кезеңдері мен тиісті мақсаттары.....</u>	63
<u>Кесте 8</u>	<u>Элективті пәннің тақырыптық жоспары.....</u>	69
<u>Сурет 1</u>	<u>Басқару мәдениетін қарастыру аспектілері.....</u>	23
<u>Сурет 2</u>	<u>Фармацевттің кәсіби қызмет түрлері.....</u>	36
<u>Сурет 3</u>	<u>Сауалнаманың сыртқы көрінісі.....</u>	45
<u>Сурет 4</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Сіз басқару мәдениеті ұғымымен таныссыз ба?.....</u>	50
<u>Сурет 5</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Сіздің ойыңызша басқару қабілетіне қажетті білім мен дағды қандай?.....</u>	50
<u>Сурет 6</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу:Сіздің ойыңызша, ең алдымен қай қызметкерлер басшылық лауазымға лайықты?.....</u>	51
<u>Сурет 7</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Сіз университеттің басқару жүйесіне қанағаттанасыз ба?.....</u>	51
<u>Сурет 8</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Сіздің ойыңызша университеттің басқару мәдениетіне не кіреді?.....</u>	52

<u>Сурет 9</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Сіз университеттің фармацевтикалық білім беру жүйесіне қанағаттанасыз ба?.....</u>	52
<u>Сурет 10</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Сізге кәсіби білім алуыңызға кедергі келтіретін факторлар бар ма?.....</u>	53
<u>Сурет 11</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Оқытудың қай түрі сізге ыңғайлы?.....</u>	53
<u>Сурет 12</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Болашақта кәсіби біліміңіз бен қабілеттіңізді пайдалана отырып фармация мамандығының қай саласында жұмыс істегіңіз келеді ?.....</u>	54
<u>Сурет 13</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Болашақта Фармация мамандығы бойынша кәсіби біліміңізді жалғастыруды жоспарлайсыз ба?.....</u>	54
<u>Сурет 14</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсарту керек деп санайсыз ба?.....</u>	55
<u>Сурет 15</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: Басқару мәдениетін жақсарту үшін қандай шаралар қабылдаған дұрыс деп санайсыз?.....</u>	55
<u>Сурет 16</u>	<u>Сұрақтың жауаптарын бөлу: «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пән ретінде енгізілгенін қалайсыз ба?.....</u>	56
<u>Сурет 17</u>	<u>Болашақ фармацевт мамандарының басқару мәдениетін қалыптастыру процесінің әдістемелік негізі – модельі.....</u>	57
<u>Сурет 18</u>	<u>Басқару құзыреттілігі дөңгелегі.....</u>	72

КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы жүргізіліп жатырған өзгерістер мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бөлігі болып саналатын жоғары кәсіби білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Жаңа білім беру стандарттарының қабылдануы елімізде фармацевтикалық білім берудегі қолданыстағы нормативтік және әдістемелік базалардың жаңартылуын талап етті. Атап айтқанда, фармацевтикалық білім беруді ұйымдастырудың тиімді басқару жүйесін іздестіру, дәстүрлі және жаңа өзгерістерді енгізуде теңдікті қамтамасыз ету заманауи білім беру кеңістігі шеңберінде ғалымдар мен оқытушылардың фармацевтикалық білім беру жүйесін дамытудағы қосатын үлестерін еселендіруге ықпал етуде. Қазақстан Республикасының еуропалық академиялық кеңістікке кіруі барлық отандық жоғары білім беру жүйесін, оның ішінде фармацевтикалық білім беруді дамытуды модернизациялаудың жаңа сатысын ашты. Осыған байланысты білім беру кеңістігінің жаңа жағдайда дамуына сәйкес фармацевтикалық мамандарды даярлау концепциясын ғылыми негіздеудің қажеттілігі туындады.

Бұл жағдайда кәсіби фармацевтикалық білім беруді тиімді басқару процесі өзекті мәселеге айналды. Сонымен қатар атап өтетін жағдай, фармацевтикалық білім беру және еліміздегі жалпы жоғары білім беру жүйесі

нәтижесінде қоғамның интеллектуалды әлеуетінің қалыптасу деңгейіне әсер етеді.

Аталған жағдайда фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениеті мәселесі ерекше мәнге ие, себебі зерттеушілер тарапынан бұған дейін көңіл бөлінбеген.

Басқару мәдениеті – сырттай көрінбейтін, өте терең көрініс. Жоғары білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті - басқарушылық білімнің, қабілет пен тәжірибенің, сонымен қатар көшбасшылық пен кәсіби маңызды қасиеттердің кешенін құрайтынын ескерсек, заманауи фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін кәсіби, әлеуметтік, психологиялық және педогогикалық тұрғыдан зерттеу ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу мақсаты: жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін қалыптастыру, дамыту және одан әрі жақсарту шараларын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- жоғары білім беру жүйесінде басқару мәдениетінің қалыптасуының теориялық, әдістемелік және ғылыми негіздерін зерделеу, талдау;
- «фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті» түсінігін анықтау;
- жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін қалыптастырудың сатыларын айқындау;
- фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетінің құрылымын анықтау;
- кәсіби фармацевтикалық білім берудің инновациялық дамуы жағдайында басқару мәдениетін жақсарту шараларын анықтау.

Зерттеу объектісі: «Астана медицина университеті» Фармация факультетіндегі білім алушылар, оқытушылар құрамы.

Зерттеу әдістері: теориялық талдау әдісі, сауалнама жүргізу, бақылау, нормативтік құжаттарды және салыстырмалы талдау әдістері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетіне алғаш рет анықтама берілді. Студенттердің - болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру моделі құрастырылды. «Фармация» мамандығы бакалавриатының оқу бағдарламасына «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнін енгізудің әдістемелік негіздемесі жасалды. Фармация мамандығы студенттері – болашақ фармацевт мамандарының басқару мәдениеті туралы білімдері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында бакалавриаттың оқу бағдарламасына «Басқару мәдениетінің негіздері» элективтік пәнді енгізу ұсынылып, аталған элективтік пәннің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) әзірленді.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:

Жұмыстың барысында жасалынған жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік негізі медицина

университенің басқару және білім беру жүйесінің қызметіне қосылуға ұсынылады

Зерттеу базасы:

- «Астана медицина университеті» КеАҚ фармацевтикалық пәндер кафедрасы, Астана қ.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

- Жоғары білім беру жүйесінде басқару мәдениетінің қалыптасуының теориялық, әдістемелік және ғылыми негіздерін зерделеу, талдау;

- «Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті» түсінігінің анықтамасы, қалыптасу сатылары мен құрылымы;

- Оқу жоспарына элективті пәнді енгізудің қажеттілігі мен тиімділігіне қатысты студенттер мен оқытушылардың пікірлерінің талдау нәтижесі.

- Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру моделі;

- «Фармация» мамандығы бакалавриатының оқу бағдарламасына «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнін енгізудің әдістемелік негіздемесі;

- «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнінің силлабусы.

Диссертацияның көлемі және құрылымы:

Диссертация жалпы 89 беттен, кіріспе, зерттеу әдістері мен материалдары, тәжірибелік бөлімдерден, қорытынды, түйін, тәжірибелік ұсыныстар мен қосымшалардан тұрады. Пайдаланылған әдебиет саны 113.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделген, мақсаты мен зерттеу міндеттері құрастырылған, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға шығарылатын негізгі ережелері көрсетілген.

Бірінші бөлімде әдебиеттік шолу жүргізілген. Соның ішінде 1.1 бөлімде басқару мәдениетінің түсінігі, құрылымы, функциясы мен түрлеріне тоқталған. Ал 1.2 бөлімде басқару мәдениетінің білім беру жүйесін басқару процесіндегі маңызы, рөлі және атқарылатын функциялары жайлы деректер келтірілген. 1.3 бөлімде фармацевтикалық жоғары білім беру жүйесімен мәдениеттің қалыптасу кезеңдерін аталып өтілген. 1.4 бөлімде шет елдік және отандық жоғары фармацевтикалық білім беру жүйелерінің құрылымы жайлы жазылған. 1.5 бөлімде фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетіне тоқталып өтілген.

Екінші бөлім зерттеу материалдары мен әдістері туралы жазылған.

Үшінші бөлімде зерттеудің нәтижелері талқылануға арналған. Соның ішінде 3.1 бөлімшесінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға элективті пәнді енгізудің әсерін және олардың фармацевтика саласындағы басқару мәдениетін дамыту шараларын талдауға арналған. Ал 3.2 бөлімінде болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін негіздеу мақсатында студенттер мен оқытушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша пікірлерге талдау жасалынған. 3.3 бөлімде студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру моделінің құрылымы жайлы жазылған. 3.4 бөлімде «Фармация»

мамандығы бакалавриатының оқу бағдарламасына «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнін енгізудің әдістемелік негіздемесі жайлы жазылған.

Қорытындыда жүргізілген зерттеулердің негізгі нәтижелері тұжырымдалған.

Диссертацияны апробациялау:

1) ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, фарм.ғ.д., фармацевтикалық пәндер кафедрасының профессоры Арыстанова Т.А. мерейтойына арналған «Замануи фармация: білім берудегі жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер» атты III Халықаралық ғылыми практикалық конференцияға мақала жарияланды (27 қазан 2023 ж.) – 27-29 б.

2) Ғылым жөніндегі кеңесі және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ мен Абуали ибни Сино атындағы Тәжік мемлекеттік медицина университеті ұйымдастыруымен өткен «Биология, медицина және фармацияның дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің IX халықаралық ғылыми конференциясына тезис шығарылды (8-9 желтоқсан 2022 ж.) – 108 б.

3) С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰму ұйымдастыруымен өткізілген, профессор Р. Д. Дильбархановты еске алуға арналған « Фармацияның ғылыми мектебін қалыптастыру және дамыту перспективалары: ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбындағы V Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына тезис жіберілді (30 маусым 2023 ж.) – 31 б.

4) «Молодежь и медицинские инновации: создание будущего сегодня» деп аталатын жас ғалымдар мен студенттер арасындағы XIX ғылыми-практикалық конференцияна баяндама жасалып, тезис жарияланды. «Абуали ибни Сино атындағы Тәжік мемлекеттік медицина университеті». (3 мамыр 2024 жыл) - 83-84 б.

5) «Қазақстан Фармациясы» ғылыми ақпараттық-талдау журналына мақала жіберілді. Басылым 2024 жылдың тамыз айында.

1 Тарау. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

(ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)

1.1 Жоғары білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті: түсінігі, анықтамасы, түрлері және сипаттамасы

Басқару мәдениеті түсінігін белгілі бір жүйеге әсер ету арқылы оны жаңа деңгейге шығару немесе оны белгілі бір дәрежеде ұстап тұратын үрдіс деп қарастыруға болады.

Басқару мәдениеті әр түрлі элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Ғылыми зерттеулерде басқару мәдениеті түсінігі төменде көрсетілген жолдар бойынша анықталады:

- тиімді басқару үшін білім мен дағдылар жүйесі ретінде;
- негізделген құбылыстарды бағалаудың бекітілген нормалар жүйесі ретінде шешімдер қабылдап және мақсаттар қою арқылы [1].

Негізінде басқару мәдениеті негізі элементтері басқарылатын объект жайлы білім, даму баламалары, басқару үлгілері, тәсілдері, басқару әдістері және т.б. басқарудың өзінен және мазмұнынан тұратын жүйе болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде басқару мәдениеті бізге оның кәсіби қызметінің тәсілі ретінде ұсынылған, оның ішінде әлеуметтік тәжірибе, басқарушылық қызмет тәжірибесі, басқарушылық қызметке эмоционалдық және құндылық қатынасы, жеке тұлғаның этикалық нормаларын қамтиды.

Ғылыми зерттеулерде білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті жайлы деректер қарастырылған [2].

Соның ішінде Андреева Л.Д. зерттеуі бойынша басқару мәдениетін оқытушылардың мысалында қарастырып, осы арқылы оқытушының жеке тұлғалық қасиетін негізге ала отырып, басқару үрдісін жүзеге асыруға дайындығын сипаттаған. Білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетінің құрылымының құрамдас бөлігі ретінде ақпараттық, операциялық және аксиологиялық, яғни басқарудың мәні жайлы, өзін - өзі басқару, басқару үрдісін жүзеге асырудағы тәжірибелік шеберлігі, педагогтың мотивациялық және құндылық мақсаты, өнегелік – этикалық аспектісін реттейтін құрылымдардан тұрады деп қарастырған [3].

Ал Тамарская Н.В. оқытушының басқару мәдениетінің үлгісін жасады. Оның айтуынша оқытушының басқарушылық мәдениеті үздіксіз кәсіби даму үрдісінде қалыптасады. Соның ішінде мектептен бастап оқу кезінде, яғни оқушы – болашақ оқытушы, мекемелердегі білім беру кезеңінде, яғни кәсіби білім беру (студент – болашақ оқытушы), білім беру ұйымдарындағы кәсіби қызмет кезеңде (оқытушы: тәрбиеші – мұғалім – оқытушы), біліктілікті арттыру және білім беру мекемесін басқару сатысында(оқытушы – білім беру ұйымының басшысы).

Тамарскаяның ойы бойынша басқару мәдениеті білім мен ептіліктің бірлескен комплексі деп санайды. Ол оқытушының жеке тұлға болып қалыптасу үрдісін сатылы қалыптастырады. Бұл дегеніміз басқару саласындағы білімге, басқарушылық дағдылар, басқарушылық функцияларға ие болу: мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, бақылау. Басқару үрдісіне кіреді:

- 1) Өзін өзі басқару, яғни өзінің кәсіби қызметін басқару , кәсіби өсу, өз жұмысын ұйымдастыру, мақсат қоя білу, жоспарлауды және өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру;

- 2) Басқару, яғни басшылықтың білім беру ұйымындағы оқу процесін басқару қызметінің үрдісінде;

- 3) Бірлескен басқару, яғни білім беру ұйымдарын басқаруға қатысу, әртүрлі бірлестіктердің қызметіне қатысу арқылы өзінің басқару функцияларын жүзеге асыру – басқармада, педогогикалық кеңесте, жалпы жиналыста және басқада осыған ұқсас білім беру ұйымдарындағы қоғамдық басқару [4].

Осипова И.Н. еңбегінде білім беру ұйымдарындағы басқару қызметінің негізгі компоненттерін атап өтті. Оларға:

- 1) Ақпараттық - аналитикалық – ақпаратты қалыптастыру (жинақтау, талдау, өңдеу, сақтау) негізгі блоктар бойынша;
- 2) Мотивациялық-мақсатты – іс-әрекеттің мақсаттарын анықтау;
- 3) Жоспарлау – болжау – жақын арадағы даму аймағын болжау, жоспарды іске асыру бойынша іс – әрекетті жүзеге асыру;
- 4) Ұйымдық – орындаушы – жұмыс жоспарын оңтайландыру бойынша жалпы басшылық;
- 5) Бақылау – бағалау - барлық негізгі бағыттарда бақылау әрекеттерін жасау;
- 6) Реттеу – түзетуші – берілген жоспар деңгейінде барлық бағыт бойынша реттеу және түзету жүргізу [5].

Ғылыми-әдістемелік дереккөздерінде, басқару тәжірибесін талдау және басқарушылық тәжірибе көрсеткендей, білім беру ұйымындағы басшының басқару мәдениеті әлеуметтік салаға қатысты мәдениеттің бір түріне жатады. Оның үш тәсілі бар:

- құндылық – материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде;
- қызмет – қызметтің ерекше тәсілі ретінде;
- тұлғалық – адамның негізгі күшін дамыту үрдісі мен оның шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруы.

Басқару мәдениетінің келесі құрамдастары ажыратылады: когнитивтік-операциялық, тұлғалық, мотивациялық және құндылық, және сондай-ақ олардың құрамдас бөліктері, атап айтқанда:

- когнитивті-операциялық компонент – білім беру жүйесін басқару және басқару мәдениетін қалыптастыруға қажетті дағдылар;
- тұлғалық – кәсіби арнайы сапалар жүйесі, көшбасшылық стилін қамтамасыз ету;
- мотивациялық - бұл қажетті мотивтер мен құндылықтар жүйесін тиімді басқару [6].

Білім беру ұйымдарындағы басшылықтың басқару мәдениетінің тиімділігін дамыту үшін жоғарыдағы көрсетілген шарттармен көрсетілген компоненттерді жүзеге асыру, соның ішінде бақылау, мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру және мотивация секілді компоненттерді сақтау керек [7].

Басқару мәдениеті - саланың, қызметтің және маманның дамуындағы алғы шарты болып табылады.

Басқару мәдениетін қалыптастыру қажетті, күрделі және оған әсер ететін көптеген объективті және субъективті, кейде көп бағытты факторлармен байланысты қайшылықты процесс, атап айтқанда: қоғамның мәдени даму деңгейі, кәсіби даму деңгейі, қоғамның мәдени-тарихи ерекшеліктері, үздіксіз кәсіптік әлеуметтік білім беру субъектілерінің өзіндік ерекшелігі [8].

ЖОО жағдайында болашақ маманның басқару мәдениетін қалыптастырудың айқындаушы факторы – жоғары білім беруді дамытудың ерекшелігі мен болжамдық бағыттары болып табылады [9].

Білім беру бағдарламаларын құрастыру барысында жоғары оқу орындарындағы әлемдік білім беру үрдістерін ескеру қажет, оларға мыналар жатады:

- Жоғары білім берудің типтері мен түрлерінің кең диверсификациясы, оның көп нұсқалылығы, әртүрлілігі және көпмоделілігі;

- Жоғары оқу орындарының дербестігі мен академиялық әділдігін арттыру. Олардың жауапкершілігін күшейтумен қатар, жоғары білім беру жүйесіне қайта құрулар мен жаңартулар еңгізу, олардың икемділігін, қабілеттілігін арттыру, басқа кезеңдермен және білім беру формаларындағы байланысты нығайту, әсіресе орта білімнен кейінгі;

- Тұрақты білім беру бағдарламаларының болашақ қажеттіліктерге жоғары білімнің сәйкестігін бейімдеу, арттыру;

- Студенттерге таңдаудың оңтайлы диапозонын қамтамасыз ету, жоғары білімнің рөлін күшейту білім алушылардың ұлттық, аймақтық, халықаралық және тарихи мәдениеттерді олардың алуан түрлілігі аясында түсінуге, түсіндіруге, сақтауға, таратуға және дамытуға дайындығын қалыптастыру;

- Студенттерді азаматтық рухта тәрбиелеуге және қоғам өміріне белсенді қатысуға, оларды дайындау бағыттын жүзеге асыру;

- Әлеуметтік серіктестік негізінде жоғары білімді дамытудың қажетті әлеуеттері мен стратегияларын қалыптастыру, жоғары білім мен қызметкерлердің жұмысы арасындағы байланысты кеңейту;

- Оқу пәндерінің когнитивтік дамуы мен коммуникация, шығармашылық және сыни талдау саласындағы дағдыларды меңгеру арасындағы тепе-теңдікті сақтау;

- Пәнаралық және бағыттық білім беру бағдарламаларына назар аударуды арттыру;

- Заманауи технологиялар мен білім беру қызметтерінің түрлеріне негізделген жаңа білім беру саласын дамыту [10].

Болашақ маманның басқару мәдениетін университет сатысында меңгерудің ерекшелігі – кәсіби мәдениетті зерттеу, басқару технологияларын меңгеру, ең алдымен әлеуметтік саладағы басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру, субъективті оқу, тәрбиелік және кәсіптік қызметтегі өзара әрекеттесу сипаты, білім берудің кәсіби қызметін дамыту деп қарастыра аламыз.

Маманның басқару мәдениеті дегеніміз:

- Терең білімнің, әдістемелік тәжірибенің және шеберліктің болуы;

- Жоғары ұйымдастыру қабілеті және ұтқыр ойлау;

- Басқарудың заманауи ғылыми әдістерін жұмыста кеңінен қолдану;

- Оқиғалардың барысын болжау және жағдайды жылдам бағдарлау мүмкіндігі;

- Есептердің объективтілігі;

- Барлық құжаттар мен бұйрықтарды орындаушыларға жеткізудің уақтылылығы;

- Орындалуын жүйелі бақылау;

- Бастамалық және дербестік, сабырлылық, төзімділік;
- Кеңселік құжаттарды нақты әзірлеу және нақты орындау мүмкіндігі [11].

Басқару мәдениеті бастаманы, дербестікті, жаңашылдықты басқарудағы сабақтастық пен консерватизммен біріктіре білуді қамтиды.

Басқару мәдениеті – ұйымдастыруда, техникада, технологияда, әдістерде, стильде, басқарушылық жұмыс жағдайында, қызметкерлер арасындағы қарым-қатынаста, кадрларды оқытуда практикалық жетістіктердің деңгейі [12].

Басқару мәдениетінің келесі түрлері бар: ақпараттық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық және техникалық.

Ақпараттық мәдениетке құжаттармен жұмыс істеу, жинақтау, ақпаратты өңдеу, сақтау, беру, құжаттардың нысандарын әзірлеу, типтік бланкілерді пайдалану қызметтері кіреді.

Ұйымдастыру мәдениеті қызметкерлердің (персоналдың) жұмыс орындарын ұйымдастыру, мәжілістерді, отырыстарды, кеңестерді дайындау және өткізу, бақылауды, тексеруді ұйымдастыру, келушілерді қабылдауды ұйымдастыру, ережелерді, нормаларды, стандарттарды әзірлеу және пайдалану, стандарттар мәдениетін сақтау секілді қызметтерді атқарады [13].

Әлеуметтік мәдениет басқару аппаратындағы өндірістік орта, үй-жайларды күтіп ұстау, қызметкерлердің жұмыс орындарында өзін – өзі ұстауы, персоналдың әлеуметтік қорғалуы секілді қызметтерді атқарады.

Экономикалық мәдениет кәсіпкерлік, басқару, шаруашылық серіктестік, қаржылық талдау мәдениеті секілді қызметтерден тұрады.

Әлеуметтік-психологиялық мәдениет - басшылар арасындағы қарым-қатынас мәдениетінен, басшылар және бағынушылар, іскерлік сөйлеу мәдениеті, телефон арқылы сөйлесу, іскерлік келіссөздер, іскерлік киім мәдениетінен тұрады [14].

Құқықтық мәдениет қызметкерлердің пайдалану және олардың құқықтарын қорғау, сарапшылар немесе «билік бөлігі» қолданыстағы заңнамаға сәйкестілігі секілді міндеттерден тұрады.

Техникалық мәдениет ұйымдастырушылық және техникалық бақылаулар пайдалануда қолданылады [15].

Валеева Е.О берген «мәдениет» ұғымының анықтамасына сүйене отырып, мәдениет төрт элементтен тұратын әлеуметтік тәжірибеде бейнеленген деп есептейді:

- 1) табиғат, қоғам, техника, адам туралы қоғам алған білім және қызмет әдістері;
- 2) қоғамға бұрыннан белгілі болғандарды жүзеге асыруда жеке тұлғалардың жинақталған тәжірибесі, іс-әрекеттің интеллектуалдық және практикалық әдістері;
- 3) жаңа мәселелердің шешімдерін іздеуге, шындықты шығармашылық түрлендіруге дайындықты қамтамасыз етуге арналған шығармашылық қызмет тәжірибесі;

4) адамдардың әлемге және бір-біріне эмоционалдық құнды қатынасының тәжірибесі, осы нормаларды сақтауға қатынас пен дағдылардың нормаларын білуді көздейтін эмоционалдық тәрбие тәжірибесі [16].

Маманның кәсіби басқару мәдениеті – жинақталған басқарушылықта көрініс тапқан ішкі әлеуметтік басқару тәжірибесі, әр түрлі түрлерін жүзеге асыруда маманның алған тәжірибелік басқару қызметі, шығармашылық басқару тәжірибесі, басқарушылық мәселердің шешімдерін іздеуге дайындықты қамтамасыз ету, сондай-ақ басқарушылық өзара әрекеттесу процесінде қатысу нормаларын білуді және осы нормаларды сақтау дағдыларынан тұратын құндылық тәжірибесі.

Басқару мәдениетін қалыптастыруда университет жағдайында оқыту мен тәрбиелеуде маңызды орын алады. Мәдени шеберлік тұлғааралық қарым-қатынас (қарым-қатынас нәтижесінде) және өзін-өзі тәрбиелеу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін [17].

Қарастырылып отырған «басқару мәдениеті» феномені субъект ретінде әр түрлі тәртіптегі жүйелермен бір мезгілде байланысты болып шығады. Тұлға мәдениеті жүйесі, кәсіби мәдениет жүйесі субъект ретінде, басқару мәдениетіне қатысты метажүйелер, яғни жоғары дәрежелі жүйелер ретінде әрекет етеді. Процесске байланысты университеттегі біртұтас оқу процесі мен кәсіби іс-әрекет үдерісі болашақ маманының басқару мәдениетін қалыптастырады [18].

Грязнова Е. В ойынша «қалыптасу - адамның әлеуметтік болмыс ретінде барлық фактордың әсер етуі - экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б.» деп санады [19].

Е.И.Холостова тұлғаның қалыптасуын «кең мағынада тәрбиелеу», яғни «адамның жеке тұлға болып қалыптасу процесіне қоғамның және отбасының мақсатты әсерлерінің де, қоршаған ортаның әртүрлі, көбінесе қарама-қайшы әсер етуі» деп түсінеді [20].

Харкевич М. В тұлғаның қалыптасу процесінің екі жағын қарастырды:

- 1) жеке тұлғаға тән кейбір қасиеттердің біртіндеп өзін-өзі дамытуы;
- 2) сыртқы әсердің, бағытталған және бағытталмаған тәрбиенің нәтижесі [21].

Көптеген педагогикалық және психологиялық зерттеулер екінші көзқарастың пайдасына куәландырады. Г.С. Батищев «адамды зат ретінде «жасауға», «мүсіндеуге», өнім ретінде, сыртқы әсердің пассивті нәтижесі ретінде қарауға болмайды, бірақ тек оны қызметке қосылуын шарттай алады, ол өзінің белсенділігін тудырады және тек осы өзінің механизмі арқылы - басқалармен бірлескен белсенді қарым – қатынас жасай алады, міне осы қызмет (еңбек және т.б.)» деп айтып өткен.

Әлеуметтік жұмыс қалыптасып келе жатқан тұлғаның белсенділігін ескере отырып, маманының кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселесін біртұтас көзқарас тұрғысынан қарастырады. Студент тұлғасының қалыптасуы – жүйеленген сатылы процесс, ал болашақ маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруда мәні зор [22].

Бірінші процесс – салыстырмалы түрде бағытталған әлеуметтену тұлға, екінші кәсіби әлеуметтену. Бұл процестер оқшауланып жүзеге асырылмайды, бірақ күрделі интеграцияда көрінеді.

Басқару мәдениеті жүйенің құрамдас бөлігі ретінде оның тұтастығын, ұйымдастыру және жетілуін анықтайды. Бұл фактор әлеуметтік және мәдени салаларды және сонымен бірге тұрақтылықты қамтамасыз етуді басқару, басқарушылық сабақтастықтың бір түрі ретінде, ақталған басқару жіптерін үзбеу, оң және теріс тәжірибелерді ескеру арқылы муниципалдық қызметкерлердің экономикада болып жатқан өзгерістерге барабар әрекет ету қабілетін көрсетеді. «Кәсіби басқару мәдениеті» терминінің көптеген синонимдері бар: мәдени басқару, еңбектің кәсіби және адамгершілік мәдениеті, кәсіби этика, кәсібилік және т.б [23].

Кәсіби басқару мәдениетінің өзіндік ерекшелігі бар, бұл оны ұйымдастырудың, дамудың өзіндік заңдылықтары бар салыстырмалы түрде тәуелсіз құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ол шағын әлеуметтік топтардың біріндегі адамдардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын сипаттайды, бірақ сонымен бірге ол қоғамдағы барлық басқа құбылыстарға таралады [24].

Басқарудың кәсіби мәдениетіне үш түрлі анықтама беруге болады:

1) кәсіби мәдениет – адам әрекеті және үнемі даму үстіндегі процесс нәтижесінде пайда болатын құбылыс;

2) кәсіби мәдениет – басқарудың сапалық жай-күйінің көрсеткіші;

3) кәсіби мәдениет – бұл факторлардың, жағдайлардың әсерінен болатын күрделі өздігінен ұйымдастырылатын жүйе [25].

Кәсіби басқару мәдениетінің жүйесін түсіну және зерттеу үш деңгейінде талданады:

- ұлттық деңгейде мемлекеттік және муниципалдық қызмет мемлекеттік-құқықтық институт және нақты корпоративтік мәдениетті тасымалдаушы ретінде;

- мемлекеттік және муниципалдық мекеме деңгейінде әкімшілік әдептің, қоғамдық-саяси құндылықтар мен құқықтық нормалардың, ұжымда жинақталған дәстүрлердің, өткен тәжірибесінің және заманауи бағдарының қабылданған тұрақты үлгілерінің жиынтығынан қалыпқа келтірілген жұмыс стилімен, яғни ұйымдастырушылық мәдениеті;

- мәдениеті кәсіби сапалар мен қасиеттердің, сенімдердің, білімдер мен дағдылардың белгілі бір жиынтығын, басқару технологияларының белгілі репертуарын қамтитын мемлекеттік және муниципалдық қызметкердің тұлғасы деңгейінде [26].

Мәдениетті болмыстың ерекше құбылысы ретінде ғылыми тұрғыдан түсіну және оны тәуелсіз субъект ретінде түсінудегі ғылыми зерттеулер салыстырмалы түрде жақында дамыды. Мындаған жылдар бойы мәдениеттің көзқарасы мен ол туралы білім контекст ретінде, көркем шығармаларда, ғалымдардың еңбектерінде және әдебиетте тұрақты түрде бекітілді.

Негізінен «Басқару мәдениеті» ұғымы күрделі, көп жақты сипаттамаға ие болып келеді. Бір жағынан, бұл басқарушылық қызметтің табиғатымен, екінші жағынан «мәдениет» терминін түсіндірудің көп мағыналылығымен түсіндірілуі мүмкін.

«Мәдениет» ұғымы-тарих, философия, мәдениеттану сияқты ғылымдардың санатына жатады. Ол әлеуметтік-тарихи тәжірибе үрдісінде адамзат құрған және құраған, сонымен қатар қоғамның дамуында тарихи қол жеткізілген дәрежені сипаттайтын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығын білдіреді [27].

Жалпы мағынада мәдениет - бұл әлеуметтік қауымдастыққа тән және әлеуметтік бағдарлау функцияларын орындайтын дәстүрлер, нормалар, құндылықтар, мағыналар, идеялар, белгілер жүйелерінің жиынтығын қамтиды. Мәдениет-адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларында көрінетін қоғамның, шығармашылық күштердің және адамның қабілеттерінің тарихи анықталған деңгейі. Мәдениет саласындағы адам қызметті үш аспект бойынша жүзеге асырады: мәдениетті біледі (тұтынады), қоғамдық ортада белгілі бір мәдени құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді және келесі ұрпақтың мәдениетін дамыту үшін негіз болатын жаңа құндылықтар жасайды [28].

В. А. Слостенин, М. С. Каган, Е. Н. Шияновтың еңбектерінде білім берудегі мәдениеттілік жайлы қарастырған. Мәдениет - бұл әлеуметтік құбылыс және қоғам жинаған байлықты білдіреді. Мәдениетті адамның өзі жасайды және оның ондағы көрінісіне ықпал етеді. Табиғаты бойынша мәдениет көп функционалды болып келеді, бұл оны білім беру жүйесіне жақындатады. Мәдениет тұрғысынан білім адамның маңызды күштерін ашады, қоршаған әлемге көзқарасын өзгертеді, адамның өзін де өзгертеді.

Жеке тұлғаның мәдениеті жеке кәсіби міндеттерді шешудегі маңыздылық дәрежесімен, қоғамның шарттары мен талаптарына сезімтал жауап беруімен, ғылымды қажет ететін техника мен жоғары технологияны меңгеру еркіндігімен, жаңа сезімнің даму деңгейімен, даму қарқынынан «артта қалмау» қабілетімен анықталады.

Басқару мақсатты әсерлерді әзірлеу және жүзеге асыру арқылы жүйені белгілі бір күйде ұстауды немесе оны ұйымның жаңа өмірлік жағдайына ауыстыруды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығы ретінде түсініледі [29]. П. Друкер басқаруды келесідей қарастырады: ұйымдастырылмаған топты бір мақсатқа ұмтылдыру арқылы ұйымдасқан адамдар тобына айналдыратын ерекше қызмет түрі. Оның пікірінше, басқару әлеуметтік өзгерістер мен әлеуметтік алмасуларды ынталандырушы элементі болып табылады. Ол басқаруды ең маңызды құбылыс, білім берудегі жарылыс деп атайды.

1.2 Басқару мәдениетінің білім беру жүйесін басқару процесіндегі маңызы, рөлі және атқаратын функциялары

«Басқару» термині әдетте белгілі бір мақсатқа жету үшін басқарылатын жүйеге (немесе басқару объектісіне) белсенді әсер ету процесіне қатысты қолданылады. Басқару әртүрлі ғылыми дереккөздерде төмендегідей түсіндіріледі:

- «Басқару» - не істеу керектігін және оны қалай жасау керектігін білу өнері;

- «Басқару» - мақсатты әсерлерді ұйымдастыру және іске асыру;

- «Басқару» - функция, адамдарды басқару қызметі, сондай-ақ осы функцияны жүзеге асыруға көмектесетін білім берудің саласы [30].

С. Н. Тидор басқару мәнінің басқа анықтамаларын береді:

- бұл объектіні мақсатты үйлестіру;

- бұл мақсатқа жету үшін объектіге әсер ету;

- бұл мақсатқа жетуге бағытталған жүйе элементтерінің өзара әрекеттесуін тік үйлестіру [31].

Ю. А. Конаржевский басқару ұғымын күрделі динамикалық жүйелердегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін адамдардың ұжымдарына мақсатты әсер ету деп түсіндіреді [32].

Г.М. Ключева басқаруды, ең алдымен, шешімдерді әзірлеуге, ұйымдастыруға, бақылауға, берілген мақсатқа сәйкес басқару объектісін реттеуге, сенімді ақпарат негізінде талдау мен қорытындылауға бағытталған қызмет ретінде сипаттайды.

«Басқару» ұғымының жоғарыда келтірілген түсіндірмелеріне сүйене отырып, басқарудың негізгі мақсаты оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін күштерді, құралдарды, уақытты, адам ресурстарын тиімді және жоспарлы пайдалану деп айтуға болады. Сондықтан басқарудың негізгі мақсаты – нәтиже деп танылуы керек.

Басқару логикасын заманауи тәсілдер тұрғысынан қарастыра отырып, ең алдымен функционалды тәсілді бөліп көрсетеміз, оған сәйкес басқалардың қызметін басқару үздіксіз өзара байланысты қызмет түрлерінің жиынтығы болып табылатын процесс ретінде қарастырылады. Басқарушы субъект жүзеге асыратын қызмет түрлері басқару функциялары деп аталады. Әрбір осындай функция өз кезегінде процесс болып табылады, өйткені ол өзара байланысты әрекеттер сериясынан тұрады [33].

Мақсат қою функциясы. Мақсат – болашақта қол жеткізуге болатын қажетті және алдын ала бағдарламаланған нәтиже. Мақсат қою – бұл өте күрделі процесс, онсыз басқару мүмкін емес. Мақсат қою ұйымның жұмыс істеу мақсатын тұжырымдау немесе таңдау, сондай-ақ оны мақсатқа сәйкестендіру және оларды үйлестіру ретінде анықталады. Мақсат қою функциясы тек мақсат қоюмен шектелмейді. Ол қойылған мақсаттарға жету үшін жұмыс жасаумен байланысты.

Жоспарлау функциясы. Жоспарлау болжауды, ұйымдық құрылымды таңдау, жобалау, жоспарлау тактикалық және стратегиялық, орталықсыздандыру және орталықтандыру дәрежесін анықтау, ұйым ішіндегі өзгерістерді есепке алу, сыртқы өзгерістерді есепке алуды қамтиды.

Басқарудағы жоспарлау - зерттелетін құбылыс пен бағдарламаланған мақсатқа педагогикалық талдау деректерінің арақатынасы негізінде шешім қабылдау ретінде әрекет етеді. Қабылданған шешімдер перспективаға да, ағымдағы жедел істерді шешуге де бағытталуы мүмкін. Осы негізде перспективалық, жылдық, ағымдағы жұмыс жоспарлары ерекшеленеді.

Ұйымдастыру функциясы. Ұйым бұл: стратегия мен тактиканы анықтау, шешім қабылдау, байланыс, функционалдық міндеттерді анықтау, ұйымдық құрылымды анықтау, өкілеттіктерді беру. Ұйым-басқарушы органның басқарылатын шешімдерді тиімді орындау үшін, қажетті басқарылатын жүйеде ұйымдастырушылық қатынастардың белгілі бір құрылымын құру, реттеу жөніндегі қызметі.

Мотивация функциясы. Мотивация кәсіби білім беру қажеттіліктеріне байланысты- қызметті жетілдіруге немесе ондағы проблемаларды жоюға, яғни кәсіби жетістікке жетуге деген ұмтылыс. Мотивация жұмыс сапасына тікелей, үздіксіз әсер етпейді, өйткені мотивациядан бөлек қабілетте үлкен рөл атқарады.

Бақылау функциясы. Бақылау – бұл қадағалау мақсатында тексеру. Жетекшілер бақылау функциясын мақсат, міндет және ұйым құрылған сәттен бастап жүзеге асыра бастайды. Басқарудағы бақылау функциясы күрделі және уақытты қажет етеді [34].

Осылайша, басқару процесінде мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау функциялары жүзеге асырылады.

Ю. А. Конаржевский және Т. И. Шамова білім беру жүйесіндегі басқарудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін атап өтті:

- білім берудегі басқару білім беру жүйесіндегі білім беру, дамыту және инновациялық процестердің шоғырлануы мен ұйымдастырылуын қолдайтын әлеуметтік басқару түрі ретінде әрекет етеді;

- басқару менеджмент негіздерінде ұйымның мақсаттарын тұжырымдау және оларға жету үшін қажетті жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау процесі ретінде түсіндіріледі [35].

Басқару субъектісіне, яғни кәсіби міндеттері басқару қызметімен байланысты тұлғаға қолданылатын басқару мәдениетінің анықтамасын П. Милютин «интеллектуалды, эмоционалды-ерікті, адамгершілік, физикалық қасиеттердің қалыптасуының жоғары деңгейі, олардың жиынтығы жоғары тиімділік пен тұрақтылықпен әлеуметтік басқару саласындағы кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік береді» деп анықтады [36].

Е. П. Картунова басқару мәдениетін олардың мінез – құлық нормаларын белгілейтін бүкіл кәсіби ұжым үшін ортақ құндылықтар, көзқарастар, қатынастар жиынтығы ретінде ұсынады. Ұжым мүшелерінің іс-әрекеттері мен өзара әрекеттесу тәсілдерін, жұмыстың орындалу барысын және ұйым өмірінің сипатын анықтайтын тікелей нұсқаулардың болуына немесе болмауына байланысты көрініс айқындалады. Ол басқарушылық мақсаттарға жетудің, ұйымның тиімділігін арттырудың және инновацияларды басқарудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады [37].

Басқарушылық мәдениеттің мәні, Л. З. Гумерованың пікірінше, басқарушылық сана өзінің әлеуметтік-тарихи, психологиялық және саяси элементтерімен байланысты құбылыстардың органикалық бірлігі мен тоғысуы саласында жатыр, яғни басқару мәдениетін дамыту теориясын құрудың маңызды әдіснамалық принципі-білім беру жүйесінде дамуға қажетті басқару саласындағы құндылықтарды өндіру білім беру жүйесінің қатынастарын ізгілендіруге арналған нормативтік-реттеуші функциясына байланысты. Әлеуметтік білім әртүрлі пәндердің теориялық зерттеулерінің тақырыбы болуы мүмкін: философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық, педагогикалық.

Кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі бола отырып, басқару мәдениеті-бұл іс-әрекет процесінде дамитын интегративті динамикалық сапа, теориялық түсінудің белгілі бір деңгейімен және мораль мен этика қағидаттарын сөзсіз сақтау негізінде қазіргі тәжірибеде басқарушылық қызметке жетекші тәсілдерді жүзеге асырудың практикалық дағдыларының жиынтығымен сипатталады. Саяси, құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық, менеджрлік мәдениет басқару мәдениетінің түрлері болып табылады. Олардың көріну дәрежесі тіршілік ортасымен, жеке тұлғаның кәсіби және жеке дамуымен, оның кәсіби қызметіне қойылатын талаптармен және жеке құндылықтармен анықталады [38].

В. А. Слостениннің пікірінше, «басқару мәдениеті» ұғымы тұлғаның жеке және субъективті қасиеттерін қамтиды, бұл білім беру ұйымын басқаруда құндылықтар мен технологияларды игеруге, беруге және құруға бағытталған басқарушылық қызметтің әртүрлі түрлерінде тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруының өлшемі мен тәсілі деп қарастырады [39].

Ю. А. Афонин менеджменттегі басқару мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін қарастырады, олардың ішінде мыналарды ажыратады:

1) Заманауи технологияларды қолдану және пайдалану. Әлеуметтік басқаруды технологияландыру – бұл басқару мәселесін шешудің қажетті нәтижесін алу үшін қатаң дәйекті және нақты ұйғарым болып табылады.

2) Басқару жүйесінде әлеуметтік технологияларды қолдану басқару мәдениетінің сапалы жағымен байланысты, оның жұмысының маңызды жағы кәсібилілік және кәсіби мәдениеттен тұрады. Жалпы білім беретін ұйымның қазіргі жағдайында басқарудың инновациялық міндеттерін алға жылжыту және тұжырымдау мүмкіндігі өте маңызды.

3) Басқару мәдениетін оның тасымалдаушыларыңыз, менеджерлеріңіз елестету мүмкін емес. Менеджер-басқарушылар шешуге арналған негізгі міндеттері: инновацияларды енгізу, қолданыстағы тәртіпті бақылау, кәсіби және басқарушылық мәдениетті жоғары деңгейге көтеру.

4) Басқару мәдениеті кәсіби болуы керек. Кәсіпқойлықтың мәні мынада: адам өз іс-әрекетінде шеберліктің жоғары деңгейіне көтеріліп, өз кәсібінде беделге ие болады.

5) Қарым – қатынас мәдениеті кәсіби және басқарушылық мәдениеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл еңбек қызметінің тиімділігін,

Фармацевтикалық білім берудің оңтайлы моделін әзірлеумен көптеген елдер мен ЖОО айналысады – Қазақстанның білім беру мекемелері де ерекшелік емес. Фармацевтикалық қызмет саласындағы мамандарды даярлаудың қазіргі кезеңінде оқыту процесінде маманның құзыреттілігі деп аталатын арнайы білім мен дағдыларды, нақты тәжірибелік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар басқа да кәсіби және жеке қабілеттерді қалыптастыру үлкен маңызға ие [96].

Болон білім беру жүйесі - бұл жоғары білім беруді стандарттау және оны халықаралық деңгейде өзара тануды қамтамасыз ету мақсатында көптеген елдерді қамтитын жаһандық бастама. Бұл жүйе білім беру стандарттарын біріздендіруге, несие беру процесін жеңілдетуге және студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын жақсартуға бағытталған. Қазақстанда Болон жүйесі 2003 жылы енгізілді, содан бері елдегі білім беру саясаты мен тәжірибесіне айтарлықтай әсер етті [97].

Болон білім беру жүйесі 1999 жылы Еуропалық одақтың 29 елі Болон декларациясына қол қойғаннан кейін құрылды. Бұл декларация бүкіл Еуропада, содан кейін әлемнің басқа аймақтарында жоғары білім беру жүйелерін стандарттаудың бастапқы нүктесі болды. Болон процесінің мақсаты-студенттер мен ғалымдар университеттер арасында еркін қозғала алатын еуропалық білім беру кеңістігін құру, олардың біліктілігі мен оқу кезеңдері барлық қатысушы елдерде танылады.

Болон білім беру жүйесінің негізгі принциптері:

- Білім берудің үш деңгейін енгізу: бакалавриат, магистратура және докторантура.

- Студенттерге бір университеттен екіншісіне оңай ауысуға және оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін кредиттерді аудару және жинақтау жүйесі (ECTS).

- Білім беру бағдарламаларын тұрақты аккредиттеу және бағалау арқылы білім беру сапасын арттыру.

- Университеттер мен елдер арасындағы студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын жақсарту.

- Білім беру процесіне барлық мүдделі тараптарды, соның ішінде студенттерді, оқытушыларды, университеттерді, жұмыс берушілерді және үкіметті тарту [98].

Болон жүйесі көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстанның жоғары білім беру жүйелеріндегі елеулі өзгерістердің катализаторына айналды.

Қазақстан 2003 жылы Болон процесіне қосылып, оны жасаған алғашқы ТМД елдерінің бірі болды. Болон процесіне кіру Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жаңғырту және халықаралық интеграциялау жөніндегі стратегиясының бір бөлігі болды. Қазақстанда Болон жүйесін енгізудің алғашқы қадамдары жаңа білім беру стандарттарын әзірлеуді, білім берудің үш деңгейлі жүйесін (бакалавриат, магистратура, докторантура) енгізуді және ECTS кредиттерін аудару және жинақтау жүйесіне көшуді қамтыды [99].

Содан бері Қазақстан Болон жүйесін толық енгізу бағытында елеулі қадамдар жасады. 2010 жылы «Білім туралы» Заң қабылданды, онда Болон процесінің негізгі принциптері ескерілді. Болон жүйесіне барар жолдағы маңызды кезеңдер білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру және білім беру бағдарламалары үшін аккредиттеудің жаңа стандарттары мен өлшемдерін әзірлеу болды.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы Болон білім беру жүйесі бакалавриат, магистратура және докторантураны қамтитын үш деңгейлі құрылым болып табылады. Білім беру бағдарламалары Болон процесінің принциптеріне сәйкес әзірленген және бағалау мен аккредиттеудің халықаралық танылған әдістері қолданылады [100].

Қазақстандағы Болон жүйесінің негізгі сипаттамалары:

- Үш деңгейлі білім беру жүйесі. Бакалавриат әдетте 4 жылға, магистратура 2 жылға, докторантура 3 жылға созылады. Бұл студенттерге кейінгі кезеңдерде мамандану мүмкіндігімен біртіндеп оқуға мүмкіндік береді.

- Еуропалық несие аудару және жинақтау жүйесі (ECTS). Бұл жүйе студенттің оқу жүктемесін өлшеу және әртүрлі университеттер арасындағы курстардың үйлесімділігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

- Аккредиттеу және сапаны бағалау. Барлық білім беру бағдарламалары олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін аккредиттеу процесінен өтеді. Білім беру сапасын ішкі және сыртқы бағалау жүйесі де бар.

- Студенттердің ұтқырлығын қолдау. Көптеген университеттер студенттерге белгілі бір уақыт аралығында басқа елдерде оқуға мүмкіндік беретін алмасу бағдарламаларын ұсынады [101].

Студенттер, оқытушылар, университеттер, жұмыс берушілер және үкімет білім беру саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға белсенді қатысады.

Болон жүйесін енгізудегі елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстан бірқатар проблемалар мен сын-тегеуріндерге тап болды. Олардың ішінде-білім беру стандарттарын бейімдеудегі қиындықтар, білім беру сапасына қатысты мәселелер, сондай-ақ білім беру процесіне кейбір қатысушылар тарапынан Болон процесін толық түсіну мен қолдаудың болмауы. Кейбір сыншылар ұлттық бірегейлікті және білім беру жүйесінің бірегейлігін жоғалту сияқты білім беруді стандарттау мен біріздендірудің ықтимал теріс салдарын көрсетеді.

Алайда, Болон жүйесі Қазақстан үшін көптеген мүмкіндіктерді білдіреді. Олардың ішінде-білім беру сапасын жақсарту, оның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар үшін мүмкіндіктерді кеңейту. Жүйені одан әрі дамыту жоспарлары Болон қағидаттарын одан әрі бейімдеу мен енгізуді, аккредиттеу және сапаны бағалау рәсімдерін жақсартуды, сондай-ақ білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық деңгейін арттыруды қамтиды [102].

1.5 Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті

Қазіргі әлемде фармацевтикалық білім денсаулық сақтау және фармацевтика индустриясы үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Медицина ғылымы мен технологиясының қарқынды дамуын, сондай-ақ реттеуші ортадағы өзгерістерді ескере отырып, фармацевтикалық білім беруді тиімді басқару қажеттілікке айналады.

Ұйымдағы мінез-құлық пен шешім қабылдауды бағыттайтын құндылықтар, сенімдер мен тәжірибелер жүйесі ретінде анықталған басқару мәдениеті білім беру мекемелерінің табысты даму стратегияларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Фармацевтикалық білім беру контекстінде басқару мәдениеті студенттердің оқу сапасына, олардың кәсіби қызметке дайындығына және еңбек нарығының өзгертін талаптарына бейімделу қабілетіне тікелей әсер етеді.

Фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті – фармацевттерді даярлауға мамандандырылған оқу орындарында шешім қабылдау, өзара әрекеттесу және ұйымдастыру тәсілдерін анықтайтын құндылықтар, сенімдер, нормалар мен тәжірибелер жүйесін білдіреді. Бұл мәдениет білім беру мекемелерін басқару процестеріне, сондай-ақ студенттер, оқытушылар құрамы, сыртқы мүдделі тараптар арасындағы өзара әрекеттесуге әсер етеді [103].

Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті бірнеше маңызды аспектілерге негізделген болуы мүмкін. Оларды көбінесе ғаламторлық, этикалық, зерттеулік және мамандықтық аспектілер қамтиды. Жалпы басқару мәдениетінің ықпалымен мамандар біліктілігінің жеткілікті деңгейі қамтамасыз етілетіндігін, мамандар арасындағы бірлескен іс-

кимылдардың ұтымды түрде жасалуын, қызметкерлермен атқарылатын кәсіби қызметтер тиімділігінің арттырылатындылығын ескерсек, фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетінің мәні мен маңызының үлкен екенін түсінуге болады.

Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті қарастырады:

- Фармацевтикалық білім беру жүйесі саласындағы басқарушылық білім және ғылым: Бұл аспект фармацевтика саласына мамандандырылған басқарушылық білім беру бағдарламаларын дамыту мен жетілдіруді білдіреді. Бұл академиялық оқытуды да, басқарудағы тәжірибелік дайындықты да, осы саладағы басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми зерттеулерді де қамтиды.

- Технологиялық тәсіл негізінде басқарушылық міндеттерді шешуге дайындықты қамтамасыз ететін интегративті динамикалық сапа ретінде басқарушылық іскерлік, дағдылар мен құзыреттер: бұл басқару дағдылары мен құзыреттіліктері білім беру процесінің барлық аспектілеріне біріктіріліп, қоршаған ортаның өзгеретін жағдайлары мен талаптарына динамикалық түрде бейімделуі керек дегенді білдіреді. Бұл қазіргі тенденциялар мен технологиялық инновацияларды көрсету үшін оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін үнемі жаңартуды қамтиды.

- мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін көшбасшылық, ұйымдастырушылық қасиеттер, шығармашылық, инновация, басқарушылық стиль (инновациялық-тұлғалық компоненті): Бұл аспект тек техникалық ғана емес, сонымен қатар фармацевтикалық салада табысты көшбасшылық үшін қажетті дағдылар мен құзыреттерді дамытуға баса назар аударады. Бұған деректерді талдау, стратегиялық шешімдер қабылдау, адамдар мен командаларды басқару, коммуникативті және тұлғааралық дағдылар кіреді.

- сындарлы бейімделу, іскерлік және шығармашылық мінез-құлық, өзін-өзі басқару, команданы тиімді басқару, бірлесіп басқару құндылықтары (мотивациялық-құндылық компоненті): бұл мотивация мен ынтымақтастыққа ықпал ететін топтың немесе ұйымның құндылықтары мен мақсаттарын түсіну және бірлесіп қабылдау. Фармацевтикалық білім беру контекстінде бұл студенттер мен оқытушыларды ортақ мақсаттарға жетуге ынталандыратын білімге, кәсібилікке және этикаға ұмтылу сияқты оқу ортасында ортақ құндылықтарды дамытуды білдіруі мүмкін.

- Стратегиялық басқару: фармацевтикалық білім беру саласындағы білім беру мекемесінің стратегиялары мен мақсаттарын әзірлеуді, сондай-ақ оларға қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдауды қамтиды. Басқару мәдениеті стратегиялық ойлау мен табысқа және дамуға бағытталған әрекеттерді қолдауы маңызды.

- Басшылық және басқарушы персонал: білім беру процесін ұйымдастырудағы басшылардың, әкімшілердің және басқарушы кадрлардың рөлін қамтиды. Басқару мәдениеті көшбасшылық қасиеттерді, тиімді қарым-

қатынасты және әкімшілік қызметкер мүшелері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуі керек.

- Студенттерді басқару және қатысу: басқару мәдениетінің бұл аспектісі студенттерді шешім қабылдау процестеріне қосуға, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және білім сапасын бағалауға қатысты. Басқару мәдениеті студенттердің оқу орнының өміріне белсенді қатысуына ықпал етіп, олардың пікірлері мен қажеттіліктерін ескеруі маңызды.

- Сапа және аккредиттеу: басқару мәдениеті оқу бағдарламаларының кәсіби тәжірибе стандарттары мен талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, білім сапасын бақылау жүйелері мен аккредиттеу процестерін қолдауы керек.

- Этикалық нормалар мен құндылықтар: фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениетінің маңызды бөлігі оқу орнын басқару процесінде және білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесуде этикалық нормалар мен құндылықтарды сақтау болып табылады.

Сәйкесінше, ұйымның басқару мәдениеті – басқару іс-әрекетінде барлық қызметкерлермен тұрақты функциялар мен әдістер ретінде еңбек ұжымында қолданылатын құндылықтарды қамтиды. Құндылықтардың ішіндегі ең маңыздылары болып кәсібилік пен компетенттілік саналады. Басқару мәдениеті сөзсіз кәсіби мәдениетпен байланысты болады. Сонымен қатар, басқару мәдениетін басқару жүйесіне, ұйымның қызметкерлеріне қойылатын талаптардың және ұйымның жұмыс тиімділігін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын басқару әдістерінің, сондай-ақ қоғамдық әдеп, этика, эстетика, құқықтық нормалар, принциптердің жиыны ретінде де қарастыруға болады [104]. Жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін қалыптастыру бірнеше кезеңнен өтуі мүмкін, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл кезеңдерді қалай сипаттауға болады:

1 кезең: эмпирикалық.

Бұл кезеңде фармацевтикалық білім берудегі басқару негізінен басшылық пен оқытушылардың жеке тәжірибесі негізінде, сондай-ақ уақыт өте келе қалыптасқан дәстүрлі тәжірибелер негізінде жүзеге асырылады. Бұл кезеңде нақты басқару стратегиясы жоқ және шешімдер интуиция мен алдыңғы тәжірибе негізінде қабылданады. Алайда, мұндай эмпирикалық тәсіл тез өзгеретін білім беру және кәсіби ортада тиімсіз болуы мүмкін.

2 кезең: кәсіби даму.

Осы кезеңде жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде кәсіби стандарттар мен басқару нормалары белсенді дами бастады. Басшылық пен оқытушыларды кәсіби даярлау қажеттілігі, сондай-ақ білім беру процесінде басқарудың заманауи әдістерін қолдану туралы түсінік пайда болады. Фармацевтикалық білім беруде басқару бойынша мамандандырылған курстар мен бағдарламалар құруға болады.

3 кезең: формализация және стандарттау.

Бұл кезеңде фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті формальды және стандартталған бола бастайды. Заманауи басқару құралдары

мен әдістерін енгізу, сондай-ақ білім беру сапасының стандарттарын қолдану міндетті болып табылады. Фармацевтикалық білім беруді басқаруға мамандандырылған оқу бағдарламалары мен құрылымдық бөлімшелер құрылады.

4 кезең: инновация және тұрақты даму.

Соңғы кезеңде фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті инновацияға және тұрақты дамуға бағытталған. Мекемелер заманауи технологиялар мен ғылыми зерттеулерге негізделген басқарудың озық әдістерін белсенді түрде енгізе бастады. Бұл кезеңдегі маңызды элемент әкімшілік персонал мен оқытушыларды үздіксіз оқыту, сондай-ақ фармацевтика индустриясы мен жалпы білім берудің өзгертін қажеттіліктері мен талаптарына бейімделу болып табылады.

Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетінің құрылымы осы саладағы менеджмент жүзеге асырылатын негізгі құндылықтарды, нормалар мен принциптерді анықтайтын әртүрлі компоненттерді қамтиды. Фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениетінің құрылымының негізгі элементтерін мына түрде сипаттауға болады:

1) Көшбасшылық және басқару стратегиясы. Фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті құрылымының орталық элементі көшбасшылық және басқару стратегиясы болып табылады. Бұл білім беру мекемесінің мақсаттары мен басымдықтарын анықтауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді және осы мақсаттарға жетуге бағытталған шешімдер қабылдауды қамтиды.

2) Ұйымдастырушылық құрылым және басқару процестері. Басқару мәдениетінің құрылымы сонымен қатар оқу орнының ұйымдық құрылымын және жауапкершілік пен ресурстарды бөлуді анықтайтын басқару процестерін, сондай-ақ шешім қабылдау және олардың орындалуын бақылау процедураларын қамтиды.

3) Кәсіби нормалар мен құндылықтар. Фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті этикалық принциптерді, әртүрлілік пен инклюзияны құрметтеуді және сапалы білім мен ғылыми прогреске ұмтылуды қоса алғанда, кәсіби нормалар мен құндылықтарға негізделген.

4) Байланыс ортасы. Басқару мәдениеті құрылымының маңызды аспектісі әкімшілік, оқытушылар, студенттер және білім беру процесінің басқа қатысушылары арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін коммуникациялық орта болып табылады. Бұл ақпараттың ашықтығын, ашықтығын және қол жетімділігін қамтиды.

5) Бейімделу және инновация. Фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті бейімделгіш және сыртқы ортадағы өзгерістерге дайын болуы керек. Бұл шешім қабылдаудағы икемділікті, жаңа технологиялар мен оқыту әдістеріне бейімделуді, инновациялар мен зерттеулерді қолдауды қамтиды [105].

Зерттеу жұмысымыздың барысында, зерделенген әдебиеттік мәліметтерді жүйелеу негізінде фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті түсінігіне анықтама беруге тырыстық. Фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті – фармация мамандығы бойынша білім алушы студенттердің болашақ кәсіби фармацевтикалық қызметтерді атқару процесіндегі өздерінің алатын орындары мен рөлдерінің, қарым-қатынастарының, белгілі дәрежедегі басқару дағдыларының және өзіндік дамудың мәнін түсінулерін қарастырады.

2 Тарау. ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ

Диссертациялық жұмыстың зерттеу әдістеріне теориялық талдау, сауалнама жүргізу, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Сауалнама әдісі сауалнаманы (зерттеу тақырыбы бойынша сұрақтардың тізбектелген тізімін) әзірлеуді көздейді және шектеулі уақыт ішінде деректердің едәуір бөлігін аз шығынмен алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу объектісі: зерттеу объектісі ретінде «Астана медицина университеті» Фармация мектебінің оқытушылары мен студенттері алынды. Зерттеуге жалпы саны 60 респондент қатысты.

Кесте 2 – Зерттеу бағдарламасы

Зерттеудің мақсаты	жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін дамыту және одан әрі жақсарту жағдайларын анықтау.		
Зерттеудің міндеттері	Зерттеу нысандыры және көлемі	Зерттеу әдістері	Зерттеу нәтижесі
Бірінші кезең			
-«фармацевтикалық білім берудегі басқару мәдениеті» түсінігін анықтау; - жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетінің қалыптасу сатыларын анықтау; -фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетінің құрылымын анықтау	Әдеби дерек көздері (отандық және шет елдік), заіды-нормативті база	Контент-талдау, теориялық талдау	Зерттеу нәтижесінде отандық және шет елдік ғылыми жұмыстарды талдау отырып, фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениетінің түсінігі, оның қалыптасуы және оның құрылымы анықталды.
Екінші кезең			
Жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсарту шараларын анықтау.	Астана медицина университетінің Фармация мектебінің оқытушылары мен студенттері	Әлеуметтік сауалнама	Зерттеу нәтижесі бойынша Фармация мектебінің оқытушылары мен студенттері арасына әлеуметтік сауалнама жүргізілді.
Үшінші кезең			

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесі бойынша жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсарту шараларын анықтауға талдау жүргізу	Астана медицина университетінің Фарамция мектебінің оқытушылары мен студенттері	Статистикалық	Зерттеу нәтижесі бойынша әлеуметтік сауалнама нәтижесі бойынша жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсарту шараларын анықтауға талдау жасалынды.
--	---	---------------	--

Кесте 2 - жалғасы

Төртінші кезең			
Фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсартудың әдістемелік негізі - модель мен элективті пәннің силлабусын құрастыру		Модельдеу	Зерттеу нәтижесі бойынша фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсартудың әдістемелік негізі мен элективті пәннің силлабусы құрастырылды

Зерттеудің бірінші кезеңінде жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесіндегі басқару мәдениеті түсінгі, оның қалыптасуы және оның құрылымын отандық және шет елдік зерттеу жұмыстарына талдау жүргізу арқылы анықталды. Жалпы саны 112 отандық және шет елдік ғылыми жұмыстар қаралды. Әдеби шолуды дайындауда электронды ғылыми кітапханалар: PubMed, elibrary, Google Академия және т.б. қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігін қамтамасыз ететін қайталанбайтын көлем үшін іріктеменің ең аз көлемі формула бойынша есептеледі:

$$n = \frac{N * 0,25 * t^2}{d^2 * N + 0,25 * t^2}$$

n - ең аз үлгі көлемі;

t - қажетті ықтималдықтың сипаттамасы болып табылатын нормаланған ауытқу (P = 0,95, T = 2);

d - рұқсат етілген қате (0,1)


N - бас жиынтықтың көлемі (саны 60-ты құрады).

Зерттеудің екінші кезеңінде жалпы саны 16 сұрақтан тұратын сауалнама құрастырылды. Сауалнама «Астана медицина университеті» Фармация мектебінің оқытушылары мен студенттері арасында жүргізілді.

Кесте 3 – Сауалнамаға қатысушылар саны

Медициналық оқу орнының атауы	Сауалнамаға қатысушылардың саны	
	Оқытушылар	Студенттер
«Астана медицина университеті»	20	40
Барлығы:	60	

Зерттеудің үшінші кезеңінде жүргізілген сауалнамаға талдау жасалынды.



Сурет 3 – Сауалнаманың сыртқы көрінісі

Деректерді өңдеу және жүргізілген сауалнамаға талдау жүргізу Excel бағдарламасы арқылы жүргізілді.

Зерттеудің төртінші кезеңінде талдау жасалынған сауалнама нәтижесі бойынша болашақ фармацевттерде басқару мәдениетін қалыптастырудың моделі құрастырылды. Әдістемелік негіздің құрылысында дәрістердің тақырыптық жоспары, ситуациялық тапсырмалар бар.

Зерттеу барысында зерттеуге қатысушыларды іріктеудің келесі критерийлерін қарастырдық:

- 1) Қатысушылар саны. 60
- 2) Жыныс бойынша бөлінуі: Зерттеуде жынысы бойынша шектеулер жоқ. Ерлер де, әйелдер де қатысады.
- 3) Жасы: 18 жастан бастап.
- 4) Ұлты: (этникалық бөлініс): Зерттеу «Астана медицина университеті» КеАҚ аумағында жүргізіледі. Нәсілдік және этникалық шектеулер жоқ.
- 5) Қосылу критерийлері. Оқытушы және студент лауазымдары қосу критерийі болып табылады. Іріктеме нысандары «Астана медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінде жұмыс істейтін және оқитын оқытушылар мен студенттер болып табылады.
- 6) Алып тастау критерилері: Зерттеуге қатысудан бас тартқан фармация мектебінің оқытушылары мен студенттері.
- 7) Осал топтар: кәмелетке толмағандар, әрекетке қабілетсіз, психикалық және физикалық денсаулықпен ауытқулары бар адамдар; тәуелділігі бар адамдар (алкогольдік, зерттеуге есірткі, ойын) қатыспайды.

Сауалнама анонимді түрде жүргізілді, яғни біз этикалық қағидаларды сақтадық. Сауалнама Google Forms платформасында арқылы ұсынылды.

Сауалнаманың бастапқы бетінде қатысушы респондентке сауалнамаға шақыру және осы сауалнамаға қатысу анонимді түрде жүргізілетіні туралы ақпарат берілген. Сауалнама соңында респондентке уақыт бөліп сауалнамаға қатысқаны үшін алғыс білдіріледі.

3 Тарау. БОЛАШАҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ МАМАННЫҢ БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ТҮРҒЫДА НЕГІЗДЕУ

(ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ)

3.1 Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениеті негіздерін қалыптастыру және дамыту

Болашақ фармацевт маманының басқарушылық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру жоғары оқу орнының, фармацевтикалық бейіндегі факультеттің (мектептің) білім беру ортасын кәсіби даярлау құрылымында жүреді.

Бүгінгі таңда елдегі жоғары және орта кәсіптік білім берудің бүкіл жүйесін жаңғырту қазіргі қоғамның мәдени және әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес келетін, теориялық білімі, дағдылары мен қабілеттері жеткілікті, оларды тәжірибеде қолданатын болашақ мамандарды даярлаумен байланысты.

«Фармация» мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандарты және болашақ фармацевт мамандарына дәстүрлі білім, дағдылар ғана емес, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтің негізгі құзыреттерін алуға ықпал ететін проблемалық – бағдарланған оқыту негізінде білім беру бағдарламаларына бағытталған. Білім беру стандарты бойынша оқыту фармацевтика саласының қазіргі даму деңгейіне сәйкес фармацевтикалық білім берудің іргелі болуын қамтамасыз етеді. Фармацевтикалық білім берудің негізділігі нарықтың өзгертін талаптарына сәйкес кәсіби икемділіктің, кәсіби өмір бойы трансформацияның негізі болып табылады [106].

Сонымен қатар, фармацевтикалық білім беру жүйесінде, жалпы жоғары және орта кәсіптік білім беру сияқты, өзгерістер болып жатыр және студенттердің мәдени даму проблемасы барған сайын айқын көрінеді.

Фармацевтер дәрі-дәрмектердің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, сондықтан осы саладағы басқару мәдениеті кәсібиліктің, этиканың және жауапкершіліктің жоғары стандарттарын сақтауы керек. Төменде фармацевтердің басқарушылық мәдениетін қалыптастыру принциптерінің құрылымы мен мазмұны келтірілген:

Кәсібилік және құзыреттілік:

- Фармацевтер фармация, фармакология, медициналық химия және басқа да салаларда жоғары білім мен дағдыларға ие болуы керек.

- Үздіксіз кәсіптік білім беру және біліктілікті арттыру фармацевтер үшін соңғы ғылыми және медициналық әзірлемелерді ұстануы үшін міндетті болуы керек.

Этика және кәсіби жауапкершілік:

- Фармацевтер этика мен кәсіби мінез-құлықтың жоғары стандарттарын, соның ішінде пациенттер туралы ақпараттың құпиялылығын және пациенттермен және әріптестермен қарым-қатынаста адалдықты сақтауы керек.

Клиентке бағдарлану:

- Фармацевтер пациенттерге сапалы қызмет көрсету және денсаулық пен дәрілік терапия бойынша кеңес беру арқылы олардың қажеттіліктері мен үміттерін ескеруі керек.

Ынтымақтастық және байланыс:

- Дәрігерлер мен медбикелер сияқты басқа денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара әрекеттесу және ынтымақтастық фармацевт жұмысының маңызды аспектілері болып табылады.

- Олар пациенттермен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас жасау үшін жақсы қарым-қатынас дағдыларына ие болуы керек.

Инновация және үнемі жетілдіру:

- Фармацевтер фармацевтика мен денсаулық сақтау саласындағы жаңа идеялар мен инновацияларға ашық болуы керек, олардың жұмысы мен тәжірибесін үнемі жетілдіруге ұмтылуы керек.

Фармацевтикалық білім беру жүйесінің маңызды міндеті-студенттерге болашақ тәжірибелік фармацевтикалық іс-әрекеттің ойлау құралдары мен дағдыларын игеруге көмектесу. Жоғары фармацевтикалық білім, өздеріңіз білетіндей, фармацевт мамандарын кәсіптік білім беру процесінің соңғы кезеңі болып табылады. Фармацевт маманының болашақ кәсіби қызметінде одан әрі жайлы болуы, яғни оның өндірістік-фармацевтикалық және коммуникативтік жағдайларда стандартты емес мәселелерді шешуге дайындығы, сондай-ақ дәрілік заттардың айналымы саласындағы әртүрлі субъектілермен өзара әрекеттесу процестеріндегі проблемалар оқыту процесін ұйымдастырудың және кәсіптік даярлықтың білім беру процесін басқарудың сапасына байланысты.

Фармацевт маманының басқару қызметінің мәдениеті оның мәнін, оның рөлін және фармацевтикалық қызмет процесін басқарудағы орнын түсінуді білдіреді. Сонымен қатар, студенттің басқарушылық дайындығының сипаты – болашақ фармацевт, қарым-қатынас, мінез-құлық, басқару дағдыларын игеру дәрежесі және өзін-өзі жетілдіруге деген көзқарас белгілі бір мағынаға ие.

Біз жүргізген әдебиеттерді талдау көрсеткендей, зерттеушілер: «басқару процесінде туындайтын мәселелер мен міндеттерді шешу қабілеті, басқарушылық әсерді қажет ететін жағдайларда бағдарлау қабілеті, тиісті шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін білім жиынтығы» басқарушылық мәдениеттің құрылымын айқын анықтап көрсеткен [107].

Болашақ фармацевт маманының басқарушылық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру жоғары оқу орнының, фармацевтикалық бейіндегі факультеттің (мектептің) білім беру ортасын кәсіби даярлау құрылымында жүреді.

Сонымен қатар, студенттер – болашақ фармацевтер арасында басқару мәдениетінің негізін қалыптастырудың маңызды факторлары университеттің, фармацевтикалық профильдегі факультеттің (мектептің) білім алу мүмкіндіктері мен ұйымдастыру мәдениетінің қайнар көзі болып табылады деп санауға болады, оның ішінде, ең алдымен оқытушылар құрамының кәсіби және жеке ресурстары және студенттердің жеке ресурстары маңызды фактор болып саналады.

Болашақ фармацевтердің басқару мәдениетінің негіздерін қалыптастыру процесі сабақ барысында теориялық дайындық және ситуациялық басқару міндеттерін шешу арқылы жүзеге асырылады. Тәжірибелік және семинарлық сабақтардың құрылымында бастапқы тәжірибенің жоқтығына қарамастан, мотивация мен басқарушылық қызметті дамытуға баса назар аудару керек.

«Фармация» мамандығы бойынша кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және білім беру бағдарламаларын талдау міндетті және элективті пәндер арасында студенттерге басқарушылық мәдениет негіздері бойынша қажетті білім, біліктілік және дағдыларды үйрететін кәсіптік пәндер аз екенін көрсетеді.

Болашақ фармацевт студенттің басқару мәдениетін олардың фармацевтикалық қызмет субъектілерін басқару тәжірибесін игеруіне ықпал ететін нақты кәсіби құбылыс ретінде қарастыруға болады.

Осыған сүйене отырып, басқару мәдениетінің негіздеріне ие фармацевтикалық мамандарды даярлау жоғары фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениеті бойынша дағдыларды қалыптастырудың нақты міндетін әзірлеуді көздейді. Осы міндеттерді әзірлеу кезінде келесі негізгі талаптарды ескеру қажет деп санаймыз:

- тапсырмалар мен міндеттер жүйесін құру кезінде болашақ фармацевт студенттер жиі кездесетін өндірістік-фармацевтикалық және коммуникативті жағдайлардың ерекшеліктерін ескеру қажет;

- әр тапсырма репродуктивтіден шығармашылыққа дейінгі күрделіліктің артуына негізделуі керек;

- міндеттер мен тапсырмалар коммуникативтік білім мен дағдыларды игеруге ғана емес, сонымен қатар болашақ фармацевт студенттің коммуникативтік қабілеттері мен ақпараттық қажеттілігін жандандыра отырып, оларды жаңа жағдайларға ауыстыруға ықпал етуі тиіс.

Осылайша, басқару мәдениеті дағдыларын қалыптастыру міндеттері болашақ фармацевт студенттерге оларды оқыту процесінде, олардың өзін – өзі тану және өзін-өзі дамыту процесін қоса алғанда, басқару мәдениетінің тәжірибелік аспектілеріне және студенттің жеке басының ерікті қасиеттеріне мотивациялық, бағдарланған дамуына ықпал етуі керек [2].

Осыған байланысты мамандарды даярлау процесінің маңызды құрамдас бөліктерін атап өткен жөн, мысалы, басқару мәселелерін шешу үшін қызметтің әмбебап нысандарын меңгеру, мәдени құндылықтар жүйесімен танысу және жеке тұлғаның даму мәселелерін шешу пәні туралы білім алу.

Сонымен қатар, болашақ фармацевт – студенттердің басқару мәдениетін қалыптастыру жүйесін құрайтын элементтер пәндік байланыстар арқылы біріктірілуі керек екенін атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қалыптасқан басқару мәдениетін фармацевт маманының басқару саласындағы кәсіби дайындығының сапасын арттыру факторы ретінде қарастыруға болады.

Дәрілік заттар айналымы саласындағы басқару қызметінің сапалық көрсеткіші ретінде басқару мәдениетінің маңыздылығын ескере отырып, біз «Фармация» мамандығы бойынша мамандарды оқытудың білім беру бағдарламасына «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнін енгізуді ұсынамыз, онда басқару мәдениеті бойынша негізгі білім, іскерліктер мен дағдылар көрсетіледі.

Бұл ретте біз «Фармация» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламасына сүйенеміз, ол басқарушылық мәдениет негізін қалыптастыру бойынша қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін элективті пәнді енгізуге мүмкіндік береді.

Болашақ фармацевт мамандары – студенттердің басқару мәдениетінің негіздерін қалыптастыру процесінде біз мотивациялық және құндылық бағдарларына, атап айтқанда, ұсынылған «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пәнінің мазмұнына сүйене отырып, басқару мәдениетінің маңыздылығын түсінуге сүйенуді қажет деп санаймыз.

3.2 Болашақ фармацевт мамандарының басқару мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін негіздеу мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі

Болашақ фармацевт мамандарында басқарушылық мәдениетті қалыптастыру және дамыту қажеттілігін негіздеу мақсатында «Астана медицина университеті» Фармация мектебінің оқытушылары мен студенттеріне сауалнама жүргізу арқылы әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Төмендегі кестеде сұрауға қатысушылардың жауаптары көрсетілген.

Кесте 4 – Сұрауға қатысқан Фармация мектебінің оқытушылар мен студенттерінің жынысы бойынша бөлу, %

Сұрауға қатысқандардың жынысы	Ерлер	Әйелдер
Іріктеудегі үлес (%)	27%	73%

Кесте 5 – Сұрауға қатысқан Фармация мектебінің студенттерін жас бойынша бөлу, %


Сұрауға қатысқандардың жасы	18-19 жас	20-21 жас	22-24 жас
Іріктеудегі үлес	15%	42%	43%

(%)			
-----	--	--	--

Кесте 6 – Сұрауға қатысқан Фармация мектебінің студенттерін курс бойынша бөлу, %

Сұрауға қатысқандардың оқу курсы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	5 курс
Іріктеудегі үлес (%)	10%	5%	19%	22%	44%


Респонденттерге «Сіз басқару мәдениеті ұғымымен таныссыз ба?» деген сұрақ қойылды. Сұрақтың жауаптары төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 4 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: «Сіз басқару мәдениеті ұғымымен таныссыз ба?»

Сауалнама деректері келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Респонденттердің (80%) көп бөлігі басқару мәдениеті ұғымымен таныспын десе, қалған (20%) таныс емеспін деп санайды. Бұл жерден біз респонденттердің басқару мәдениеті түсінігі жайлы хабардар екенін біле аламыз.

Зерттеу бойынша басқару қабілетіне қажетті білім мен дағдыны респонденттердің 42% көшбасшылық қасиет деп санайды. Біз үшін маңызды нәрсе-респонденттердің көпшілігі үшін басқару мәдениетіне қажетті білім мен дағды: 32% жауапкершілік, 23% кәсібилік. Іріктемедегі елеусіз үлесті респонденттер (3%) құрайды, олардың ойынша басқару мәдениетіне қажетті білім мен дағдыға бұйрық беру қабілеті кіреді.




Сурет 5 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Сіздің ойыңызша басқару қабілетіне қажетті білім мен дағды қандай?*




Сурет 6 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Сіздің ойыңызша, ең алдымен қай қызметкерлер басшылық лауазымға лайықты?*

Зерттеу бойынша респонденттердің 69% бастаманы қолға алып, жаңа идеяларды жүзеге асыратындар басшылық қызметке лайықты десе, 23% қазіргі заманғы ғылыми әдістерді меңгерген жас қызметкерлер, 8% университетте ұзақ жылдар жұмыс істегендер деп санайды.




Сурет 7 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Сіз университеттің басқару жүйесіне қанағаттанасыз ба?*

Зерттеу бойынша респонденттердің 47% университеттің басқару жүйесіне қанағаттануы мүмкін екендігін айтты. Одан бөлек 34% респонденттер толығымен қанағаттанса, 16% жауап беруге қиналады. Іріктемедегі елеусіз үлесті респонденттер (3%) құрайды, олардың ойынша университеттің басқару жүйесіне толығымен қанағаттанбайды.




Сурет 8 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Сіздің ойыңызша университеттің басқару мәдениетіне не кіреді?*

Жауаптар нәтижесі бойынша респонденттердің 45% университеттің басқару мәдениетіне университет ішіндегі тәртіп десе, 38% білім беру жүйесі, 17% академиялық адалдық деп санады.




Сурет 9 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Сіз университеттің фармацевтикалық білім беру жүйесіне қанағаттанасыз ба?*

Жауаптар нәтижесі бойынша респонденттердің 45% университеттің фармацевтикалық білім беру жүйесіне толығымен қанағаттанса, 30% мүмкін қанағаттанатынын, 25% жауап беруге қиналамын деп жауап берді.




Сурет 10 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Сізге кәсіби білім алуыңызға кедергі келтіретін факторлар бар ма?*

Зерттеу нәтижесі бойынша респонденттердің көп бөлігі 35% кәсіби білім алуына кедергі келтіретін факторларға сабақ өтетін кабинеттердің жеткіліксіздігі десе, 25% респондент оқу ақысының жоғары бағасы, 22% кедергі жоқ, 10% кітапханада оқыту құралдарының жеткіліксіздігі деп жауап берді. Іріктемедегі елеусіз үлесті респонденттер 8% құрайды, олардың ойынша білім алуына кедергі келтіретін факторға сапалы білімнің жеткіліксіздігі деп белгіледі.




Сурет 11 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Оқытудың қай түрі сізге ыңғайлы ?*

Жауаптар нәтижесі бойынша респонденттердің 75% оқытудың теория және практика түрі ыңғайлы екенін белгілесе, 20% басқа оқу орындарынан тәжірибелік тағылымдамадан өту, 5% тек практикалық сабақ түрі ыңғайлы екенін белгіледі.




Сурет 12 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Болашақта кәсіби біліміңіз бен қабілеттіңізді пайдалана отырып фармацевция мамандығының қай саласында жұмыс істегіңіз келеді ?*

Жауаптар нәтижесі бойынша респонденттердің 47% болашақта сапа жүйесін басқару бойынша, сату бөлімінің басшысы, 31% дәріхана басшысы, дәріхана жүйесінің басшысы, 16% фармацевт – аналитик, 3% фармацевт – менеджер, фармацевт, фармацевтік өндіріс технологиясы қызметтерінде жұмыс атқарғысы келетінін белгіледі. Бұл жерде көрсетілген жауаптардың қорытындысы бойынша көптеген респонденттер басқару қызметіне қызығушылық танытқанын байқаймыз.



Сурет 13 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Болашақта Фармация мамандығы бойынша кәсіби біліміңізді жалғастыруды жоспарлайсыз ба?*

Зерттеу нәтижесі бойынша респонденттердің 57% білімін арттыруды жоспарласа, 24% басқа мамандыққа оқитынын, 15% шет елде тәжірибе алмасуды жоспарласа, 4% фармация мамандығы бойынша кәсіби білімін жалғастырмайтынын белгіледі. Респонденттердің көп бөлігі бакалаврдан кейінгі білімін жалғастыруды қалайды, яғни болашақта сұранысқа ие, білікті маман, басшы болуға деген мақсат қойғанын көреміз.




Сурет 14 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Фармацевтикалық білім беру жүйесінде басқару мәдениетін жақсарту керек деп санайсыз ба?*

Жоғарыдағы көрсетілген сұрақ бойынша респонденттердің 100% «иә» деп жауап берді және осы сұрақ бойынша төмендегі сұраққа жауап алынды.



Сурет 15 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *Басқару мәдениетін жақсарту үшін қандай шаралар қабылдаған дұрыс деп санайсыз?*



Сурет 16 – Сұрақтың жауаптарын бөлу: *«Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пән ретінде енгізілгенін қалайсыз ба?*

«Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пән ретінде енгізілгенін қалайсыз ба? деген сұраққа респонденттердің 95% «иә» деп жауап берсе, қалған 5% «жоқ» деп жауап берді.

Жүргізілген сауалнама нәтижесінің талдауы бойынша «Басқару мәдениетінің негіздері» элективті пән ретінде Фармация мектебінің білім беру жүйесіне енгізу ұсынылады.

3.3 Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру моделі

Студент - болашақ фармацевттің басқару мәдениетін қалыптастыру процесін модельдеу қажеттілігі оның басқару мәдениетін игеруі кезең-кезеңмен, оқыту және тәжірибелік қызмет барысында, тұлғааралық қарым-қатынас пен білім беру барысында жүретіндігімен анықталады. Осыған сүйене отырып, модель ақырлы қадам ретінде ұсынылады. Әрбір блоктың (кезеңнің) ерекшелігіне сәйкес келетін әдістерді, нысандарды және құралдарды пайдалана отырып, нәтижеге қол жеткізеді.

Мақсаты: Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру.

Принциптері: ізгілендіру, ғылымилық, қолжетімшілік, мәдени сәйкестік, оқу мен тәжірибенің байланысы, проблеманың шешуі.

Арнайы әдістер, формалар мен құралдар төменде көрсетілген (сурет 7) кезеңдерді сипаттау шеңберінде ұсынылады.



Сурет 17 - Студенттердің – болашақ фармацевт мамандардың басқару мәдениетін қалыптастыру моделі

Мотивациялық компонент. Басқарушылық мәдениетті қалыптастыру моделінің мотивациялық компоненті болашақ фармацевттердің қызметінде басқарушылық компонентіне деген оң көзқарасын бекітеді және оқу және кәсіби қызметтегі міндеттерді шешуде басқарушылық білімді, дағдыларды және құндылық бағдарларын кәсіби дәлелді қолдануға бағытталған.

Кез-келген саладағы адамның тиімді қызметі, ең алдымен, мотивацияның жоғары дәрежесін білдіреді. Сондықтан мотивациялық сала қазіргі психологиялық ғылымды зерттеудің негізгі объектілерінің біріне айналууда.

Педагогикалық аспектіде студенттердің мотивациялық саласының қазіргі даму деңгейін ескеріп қана қоймай, оны дамыту мәселесін шешу қажет. Психологиялық педагогикада мотивация мәселелерімен В. К. Вилюнас, Л. А. Волчок, А. К. Маркова және т. б. зерттеушілер айналысады.

Атап айтқанда, фармацевтикалық қызметін мотивациялық аспектіде реттейтін оқу процесінің келесі заңдылықтары ажыратылады:

- адамның белсенділік көзі-оның қажеттіліктері;
- іс-әрекетте әрқашан оның мотивациялық өзегі бар: бар қызмет пен мотивацияның бірлігі;
- адамның мінез-құлқы мен қызметі қозғалады, бағытталады және мотивациямен реттеледі;
- мотивациялық қалыптастыру, егер мұғалім мен студенттің өзара әрекеті оқу іс-әрекетінің мотивациялық негізіне сәйкес құрылса, салалары және оқу процесінің мотивациялық жағының жұмыс істеуі өте тиімді жүзеге асырылады.

Студенттердің - болашақ фармацевттердің басқару мәдениетін қалыптастырудың мотивациялық компонентінің басты мақсаты - студенттерді басқару тек оқу орны қызметі аясында ойластырылған деңгейден басқаруды жүзеге асыруға жан-жақты көзқарастың жетілген, тиімді, саналы, жауапты нақты басқару, өзін-өзі басқару және бірлесіп басқару деңгейінде формаларына көшіру [108].

Болашақ фармацевт студенттердің басқару мәдениетін қалыптастыру моделінің мотивациялық компонентін жүзеге асыруда біз келесі блоктарды бөліп көрсетуді ұсынамыз:

- нақты мотивациялық
- мақсатты
- эмоционалды
- танымдық.

Нақты мотивациялық. Әр блоктың ішінде бұрынғы мотивтерді өзектендіру және түзету, жаңа мотивтерді ынталандыру және олардың жаңа сапалық сипаттамаларының пайда болуы бойынша жұмыс ұйымдастырылады.

Мотивациялық компоненттің ішіндегі нақты мотивациялық блок студенттердің психологиялық, жеке жайлылығын құрудың маңыздылығын атап өту үшін ерекшеленеді, бұл өзара қызығушылық жағдайына әкеледі. Бұл блокты іске асырудың нәтижесі студенттердің басқару мәдениетін қалыптастыру мотивтерін көрсетуі болады, мысалы:

- басқару проблемасына қатысты, міндеттердің шешімдерін іздеуде, сабаққа қатысуда, қызығушылық танытуда, тапсырмаларды, соның ішінде үй тапсырмаларын орындауға шығармашылық көзқараста жаңа ақпарат алуға деген ұмтылыстың көрінісі;

- байланысқа, ынтымақтастыққа ұмтылуды куәландыратын нақты әрекеттер, бастама және белсенділік туралы.

Мақсатты блок. Мақсатты блок студенттердің – болашақ фармацевттердің басқару мәдениетін қалыптастырудың мақсаттары мен міндеттерін түсінуінің маңыздылығын көрсетеді.

Мақсаттар мен міндеттер фармацевттерді даярлау бағдарламасының талаптары, студенттердің ерекшеліктерін, олардың жеке және кәсіби тәжірибелерін есепке алу негізінде айқындалады.

Мақсат қоюдың рөлі мен процесі В. Г., Асеев, В. П. Беспалько, М. Вудкок және Д. Фрэнсис, Б. С. Гершунский, А. А. Реан және басқалардың еңбектерінде сипатталған.

Олардың ішінде мотивтерді іске асыру (мотивтер жоғарыда келтірілген, өзіндік мотивациялық компоненттің ішінде) процеске байланысты болады мақсат қою, яғни студенттердің мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталуы басқару мәдениетін қалыптастыру және оларды оқу, кәсіптік және кәсіптік қызметте тікелей іске асыру. Мақсаттар студенттің сол әрекеттерінің күтілетін соңғы және аралық нәтижелері, бұл оның себептерін жүзеге асыруға әкеледі. Мақсаттар түпкілікті де, түпкілікті де аралық, әрқашан қол жетімді болуы керек және осы тұрғыда біз мақсаттардың белсенділік, мінез-құлық аспектісін атап өтеміз. Мақсат қоюдың осы аспектісін өзектендіру кезінде студенттер:

- басқарушылық мәдениетті қалыптастырудың жалпы (перспективалық) мақсатын көрсетеді;

- оны жеке сабақтардың мақсаттарына айналдыра алады;

- жеке тапсырмаларды, жоспарларды, нақты операцияларды орындау кезінде оны өзекті параметрлерге ауыстырады;

- басқа пәндермен байланысын көреді.

Бұдан біз модельдің мотивациялық компонентінің мақсатты блогын іске асырудың болжамды нәтижелерін көреміз.

Эмоционалды блок. Эмоционалды блок мотивацияның эмоционалды компонентінің дамуын жүзеге асырады, оның негізгі сипаттамасы студенттердің оқу және кәсіби қызметтегі эмоционалды тәжірибесі болып табылады. Кез-келген өзара әрекеттесу студенттердің эмоционалды саласын қамтиды, сондықтан оған әсер ету арқылы мотивацияны ынталандырады. Жағымды эмоцияларға сүйену: қуаныш, сенімділік, қанағат сезімі, қызығушылық, мақтаныш, таңданыс, сындарлы күмән.

Эмоционалды компонент ынталандыруға ең сезімтал сондықтан мотивацияны қалыптастыру одан басталуы керек.

Мотивациялық компоненттің эмоционалды блогын өзектендірудің бірнеше тиімді әдістерін атайық (эмоционалды блоктың тәсілдері ынталандыру):

- басқару мәдениетінің құндылығы мен маңыздылығын көрсету;
- Жеке және кәсіби өсу контекстінде жаңа перспективаларды ашу;
- студенттердің дербестігі мен шығармашылығын көтермелеу.

